

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының  
"Мөлдір бұлақ" облыстық оқу-сауықтыру  
орталығының бағдарламасы**

**БІЛІМ БЕРУ-САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
«БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ, ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ  
САУЫҚТЫРУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ КЕҢІСТІГІ»**

**Мекеменің толық атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім  
басқармасының "Мөлдір бұлақ" облыстық оқу-сауықтыру орталығы»  
мемлекеттік коммуналдық қазынылық кәсіпорны**

**Әзірленген жылы: 2026 жыл**

## **КІРІСПЕ**

Білім беру, тәрбие және сауықтырудың біртұтас кеңістігі білім беру-сауықтыру бағдарламасы балалардың білім беру-сауықтыру лагерінде уақытша болу жағдайында тұлғаның шығармашылық дамуының кешенді стратегиялық моделі ретінде әзірленді.

Бағдарлама мекеменің жұмыс істеуінің бірегей тәжірибесіне сүйенеді, әрі отандық және әлемдік педагогиканың үздік тәжірибелерін жинақтайды.

Бағдарлама үш бағдарлы үйлесімді әрекеті принципіне негізделген: интеллектуалды және шығармашылық даму, жүйелі тәрбие және біртұтас білім беру кеңістігінде жүзеге асырылатын және баланың жеке басының үйлесімді дамуына бағытталған кешенді сауықтыру.

Қазіргі динамикалық әлеуметтік өзгерістер уақытында бұл жай ғана демалыс орны емес, қарқынды білім беру ортасы ретінде әрекет етеді, мұнда әр бала өзінің әлеуеті мен шығармашылығын барынша арттыруға мүмкіндік алады.

**Мақсаты:** баланың жеке басының үйлесімді дамуын, оның физикалық және психикалық денсаулығын күшейтуді, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық бағдарлар негізінде әлеуметтік маңызды қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыруды қамтамасыз ететін тұтас білім беру-сауықтыру ортасын құру.

### **Маңызды міндеттері:**

**Білім беру:** мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) шеңберінде қосымша білім беру бағдарламаларымен, сыни тұрғыдан ойлауды және цифрлық құзыреттілікті дамытумен ұштастыра отырып, мектепте оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету.

**Тәрбие:** Қазақстанның мәдени кодтары мен ұлттық дәстүрлерін дәріптеу, өскелең ұрпақты «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары негізінде тәрбиелеу, балалар мен жасөспірімдердің адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, еңбек пен заңға құрмет қағидаттарына негізделген тұтас білім, құндылықтар және құзыреттер жүйесін қалыптастыру, олардың рухани-адамгершілік, азаматтық, салауатты өмір салтын ұстану, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дамуына ықпал ету, өзін-өзі жүзеге асыруын, белсенді азаматтық ұстанымын, қоғамдағы жауапты мінез-құлқын және тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

**Сауықтыру:** кешенді іс-шаралар жүйесі арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын күшейту: қозғалыс белсенділігін, спорттық-сауықтыру сабақтарын, шынықтыруды, күннің ыңғайлі режимін, дұрыс тамақтануды, аурулардың алдын алуды, салауатты және қауіпсіз өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруды, дұрыс әдеттерді қалыптастыруды ұйымдастыру.

Бағдарламаның өзектілігі қазіргі әлеуметтік сын-қатерлер жағдайында балалардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыруға кешенді көзқарастың қажеттілігімен айқындалады. Атап айтқанда, дене белсенділігінің төмендеуі, психоэмоционалдық жүктеменің артуы, өскелең ұрпақтың коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік бейімделуі мен өмірлік

тұрақтылығын дамыту қажеттілігі осы бағдарламаның маңызын арттырады.

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы 20 күндік (оқу кезеңі) және 15 күндік (жазғы кезең) күнтізбелік күн тақырыптық ауысым форматында жыл бойы қызмет ету жағдайында жүзеге асырылады. Ауысымдар барысында уақытша балалар ұжымы қалыптасады, ол балалардың әл-ауқаты, достық қарым-қатынас ортасы, әлеуметтік бейімделуі, өзін-өзі жүзеге асыруы, сондай-ақ шығармашылық және интеллектуалдық дамуы үшін маңызды орта болып табылады.

Бағдарлама білім беру, тәрбиелік, мәдени-демалыс және сауықтыру-дамытушы қызмет түрлерін біріктіріп, білім беру және сауықтыру орталығы жағдайында баланың үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мазмұны әртүрлі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады: оқу сабақтары, байқаулар, тренингтер, шығармашылық және спорттық іс-шаралар, жобалық іс-шаралар, ойын және интерактивті тәжірибелер.

Жыл бойғы жұмыс істейтін балалардың білім беру-сауықтыру орталығының қызметіндегі стратегиялық маңызды бағыттардың бірі — балаларда патриотизм, жауапкершілік, еңбекқорлық, заң мен қоғамға құрмет құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру болып табылады. Бағдарлама әлемдік мәдени кеңістікке ашықтықпен ұштастыра отырып ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсатты аудиториясы – 7-17 жас аралығындағы балалар, оның ішінде конкурстардың, олимпиадалардың, шығармашылық және спорттық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық және әлеуметтік сипаттарын, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар/мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, барлық балалар үшін қолжетімділік пен тең мүмкіндіктер қағидатын ескереді.

Сонымен қатар, ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктері мен сұраныстарын талдау нәтижелері анкеталау, сауалнама және кері байланыстың өзге де түрлері арқылы ескеріледі.

Бұл мазмұнның вариативтілігін, тәсілдердің даралануын және өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ толеранттылықты, өзара әрекеттесу дағдыларын, әлеуметтік интеграцияны және барлық балалардың тең қатысуын қалыптастырады.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

- балалардың физикалық және психикалық саулығын күшейту;
- әлеуметтік бейімделу мен коммуникативтік дағдыларының деңгейін арттыру;
- тұрақты құндылық бағдарларын және азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру;
- білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру, функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, зерттеушілік және жобалық дағдыларын дамыту.

- шығармашылық әлеуеттері мен танымдық белсенділіктерін дамыту;
- білім алушылардың өмірлік орнықтылығы мен тұлғалық кемелдену деңгейін арттыру;
- балалар мен жасөспірімдерде «Адал азамат» тұрақты құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- экологиялық мәдениет пен табиғатқа жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру;
- кәмелетке толмағандар арасында қоғамға жат мінез-құлық тәуекелдерін азайту және зиянды әдеттердің алдын алу;
- әрбір баланың қабілеттерін ашу және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, соның ішінде инклюзивті тәсілді іске асыру, білім беру-сауықтыру лагерінің сауықтыру және білім мен тәрбиелік қызметіне барлық санаттағы балалардың тең қолжетімділігі мен қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Бағдарлама білім беру және сауықтыру орталығының педагогикалық, медициналық және әкімшілік персоналының қызметін ұйымдастыру үшін, сондай-ақ қауіпсіз және дамытушы орта жағдайында балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған тақырыптық ауысымдарды жоспарлау және іске асыру үшін негіз болып табылады.

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарламаның атауы	"Балаларға білім беру, тәрбиелеу және сауықтырудың бірыңғай кеңістігі" білім беру-сауықтыру бағдарламасы
Бағдарламаны іске асыратын Ұйым туралы мәліметтер	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны <i>Орналасқан мекен-жайы:</i> Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Гродеково ауылы, 102 есеп кварталы, 418 ғимарат <i>E-mail:</i> <a href="mailto:moldir.bulak.2023@yandex.kz">moldir.bulak.2023@yandex.kz</a> <i>Орталықтың ашылған жылы:</i> 2023 жылдың 1-тамызы <i>Жалпы алаңы:</i> 10,0 га
Бағдарламаны әзірлеудің құқықтық негіздері	Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының Балаларды оқыту, тәрбиелеу, сауықтыру және демалдыру, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді. Бағдарламаны жүзеге асыру мына принциптерді сақтай отырып жүзеге асырады: Баланың өмірі мен денсаулығына басымдық беру; Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету; Қол жетімділік пен тең мүмкіндіктер;

	Мемлекеттік стандарттар мен нормативтік талаптарға сәйкестігі; Кіріктірілген білім беру, тәрбие және сауықтыру қызметі.
Бағдарламаның ұзақтығы	Ауысым бойына: оқу кезінде – 20 күн; жазғы кезеңде – 15 күн.
Кәмелетке толмағандардың жас санаты	7-17 жас
Нормативтік құқықтық актілердің сілтемелері	<p>Бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілері құрайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІ «Білім туралы» Заңы <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319</a></li> <li>2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңы <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345</a></li> <li>3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазан күнгі №237 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру ережесі <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500037091">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500037091</a></li> <li>4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы <a href="https://uba.edu.kz/storage/app/media/99999%20VVV%20MM%20RS%20RS.pdf">https://uba.edu.kz/storage/app/media/99999%20VVV%20MM%20RS%20RS.pdf</a></li> <li>5. «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДМС 2022 жылғы 10 тамыз күнгі № ҚР ДСМ-78 Санитарлық қағидалар <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029092">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029092</a></li> <li>6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау</li> </ol>

министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890>

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329#z1882>

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтар өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009923>

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-292/2020 бұйрығымен бекітілген балаларға сауықтыру және ұйымдастырылған демалыс кезеңінде медициналық көмек көрсету қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021842>

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында және олардың аумақтарында пайдалануға шектелген, енгізуге тыйым салынған заттар мен заттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857>

12. ҚР Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді

	<p>терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414</a></p> <p>13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттары  <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035778">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035778</a></p> <p>14. Орталық жарғысы: Заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу "2023ж. «17» 05 жүргізілді"</p> <p>БСН: 040740003452  №68-1919-02-НАО-МК  15. 2007ж. «19 07»</p>
--	--

## II. ГЛОССАРИЙ

Осы Бағдарламада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. **Білім беру-сауықтыру бағдарламасы** – білім беру және сауықтыру орталығында болған кезеңде балалардың білім беру, тәрбие және сауықтыру қызметін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, нысандары мен шарттарын айқындайтын кешенді құжат.

2. **Жыл бойы жұмыс істейтін балалардың білім беру және сауықтыру орталығы** – жыл бойы балаларды тәрбиелеу, сауықтыру, демалу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға.

3. **Ауысым** – белгілі бір ұзақтығы, тақырыптық бағыты және қызмет бағдарламасы бар балалардың демалыс және сауықтыру ұйымдарында болуының ұйымдастырылған кезеңі.

4. **Ауысымның қатысушылары** – білім беру-сауықтыру бағдарламасын іске асыруға қатысатын кәмелетке толмағандар, сондай-ақ оны іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық және өзге де қызметкерлер.

5. **Уақытша балалар ұжымы** – ауысым кезеңінде құрылған, бірге тұрудың, қызметтің және қарым-қатынастың жалпы жағдайларымен біріктірілген балалар тобы.

6. **Жасақ** – тақырыптық ауысым шеңберіндегі бірлескен қызмет үшін жас қағидаты немесе ортақ мүдделер бойынша біріктірілген уақытша балалар ұжымы болып табылатын білім беру және сауықтыру орталығының құрылымдық бірлігі.

7. **Сауықтыру қызметі** – балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, сырқаттардың алдын алуға және салауатты өмір

салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

8. **Білім беру қызметі** – ауысым кезеңінде іске асырылатын және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұнын қайталамай, танымдық белсенділікті дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге, функционалдық сауаттылықты, soft skills және балалардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар жүйесі.

9. **Оқу қызметі** – бұл білім алушылардың жас ерекшеліктерін және оқу бағдарламаларының, мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, оқу сабақтары арқылы іске асырылатын, білім беру және сауықтыру орталығында балалардың болу кезеңінде білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін мақсатты қызмет.

10. **Ауысым тақырыбы** – бұл ауысым кезеңіндегі балалардың өмірін ұйымдастырудың мағыналық-мазмұндық негізі, білім беру-тәрбие және сауықтыру жұмыстарының бірыңғай бағытын, идеясы мен тұжырымдамасын анықтайды, Бағдарламаға қатысушылардың барлық іс-әрекеттерінің тұтастығын, жүйелілігін және интеграциясын қамтамасыз етеді.

### **III. БАҒЫТЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ**

#### **3.1. Бағдарламаның бейіндік бағыты**

Бағдарлама оқу сабақтары, тәрбие жүйесі және медициналық сүйемелдеу бірыңғай үдеріске біріктірілген модель ретінде іске асырылады. Бағдарламаның бейіні – уақытша балалар ұжымында дарынды балалардың көшбасшылық және шығармашылық әлеуетін қарқынды дамыту.

**Бағдарлама әртүрлі бағыттағы 24 тақырыптық ауысымды қамтитын жыл бойғы цикл форматында жүзеге асырылады, оның ішінде:**

- әлеуметтік бағыттағы ауысымдар;
- азаматтық-патриоттық ауысымдар;
- шығармашылық ауысымдар (көркем-эстетикалық бағыттағы);
- әскери-спорттық ауысымдар.

**Білім беру ауысымдары келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:**

- жаратылыстану-математикалық бағыт (ЖМБ);
- қоғамдық-гуманитарлық бағыт (ҚГБ).

Аталған ауысымдар шеңберінде қосымша білім берудің келесі бағыттары іске асырылады:

- әлеуметтік-гуманитарлық;
- дене шынықтыру-спорттық және сауықтыру;
- зияткерлік-танымдық;
- киберқауіпсіздік және цифрлық сауаттылық;
- цифрлық өнер және жасанды интеллект технологиялары;

- көркем-эстетикалық бағыт;
- ғылыми-техникалық;
- экологиялық-биологиялық;
- туристік-өлкетану.

Бағдарламаның кешенді бағыты мазмұнның нұсқалылығын, таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуді және ауысымға қатысушылардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

### **3.2. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны**

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны өскелең ұрпақты тәрбиелеу тұжырымдамасымен айқындалады және әрқайсысының өзіндік бағыты, мақсаттары мен мазмұнды екіпіндері бар тақырыптық ауысымдар жүйесі арқылы іске асырылады.

Бағдарламаның мазмұны келесі блоктардан құрылымдалған:

- білім беру;
- тәрбие;
- сауықтыру және спорттық;
- танымдық-дамытушылық.

Білім беру және сауықтыру орталығы ауысымның бағытына қарамастан, балалардың дамуының тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін бірыңғай базалық мазмұндық өзек жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін оқу жылы кезеңіндегі оқу қызметін жүзеге асыру;

балалардың (шығармашылық, зияткерлік, қолданбалы, спорттық үйірмелер) қабілеттерін дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған қосымша білім беру аясындағы мүдделермен үйірме қызметін жүргізу;

бассейнге баруды, физикалық қасиеттерді дамытуға және денсаулықты күшейтуге бағытталған спорттық сабақтар мен іс-шараларға қатысуды қамтитын спорттық-сауықтыру бағыты;

медициналық кешен базасында сауықтыру рәсімдері, оның ішінде галокамераға бару, оттегі коктейлін қабылдау, массаж және басқа да алдын-алу және қалпына келтіру іс-шаралары;

әлеуметтенуге, логикалық ойлау мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал ететін үстел үсті және дамытушылық ойындарды қамтитын ойын аймақтарындағы (ойын залындағы) сабақтар;

балалардың шығармашылық әлеуетін ашуды қамтамасыз ететін шығармашылық байқаулар, фестивальдер және мәдени-танымдық іс-шаралары;

ауысым тақырыбына сәйкес іске асырылатын және оның мазмұндық бірлігін қамтамасыз ететін жалпы лагерлік және отрядтық іс-шаралар.

Әрбір ауысым біртұтас тақырыптық модель болып табылады, оның шеңберінде аталған компоненттер бірыңғай қызмет жүйесіне біріктіріледі.

Тақырыптық ауысым тәрбие жүйесінің негізгі ұйымдастырушылық-мазмұндық модулі болып табылады және ауысымға қатысушыны тәрбиелеу

мен дамыту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Тақырыптық ауысымның құрылымы (тәрбие жұмысының логикасы)

### 1. Кіріспе блок (бейімделу, 1–3 күндер)

- жасақтарды қалыптастыру, танысу, ережелер мен кодексті қабылдау;
- қызығушылықтарды және көшбасшылық әлеуетті диагностикалау;
- команда құрайтын ойындар, салтанатты ашылу;
- ауысым президентін сайлау және бірлескен басқару органының жұмысын бастау.

### 2. Негізгі блок (дамытушылық, 4–16 күндер)

- «көшбасшылық тректерді» іске асыру (көшбасшы мектебі, медиа команда);
- ауысымның тақырыптық іс-шарасы (КТД);
- ауысым тақырыбына педагогикалық вернисаждар;
- патриоттық акциялар;
- дағдыларды дамыту: көпшілік алдында сөйлеу, пікірсайыс, жобалау.

### Қорытынды блок (рефлексивті және нәтижелі, 17-20 күн)

- жобаларды қорғау, жетістіктер фестивалі;
- бірлескен басқару органы жұмысының қорытындысын шығару;
- жеке рефлексия, қорытынды «майшамдарды» өткізу;
- жабылу және марапаттау рәсімі.

### Тақырыптық ауысымдар

#### Мысалы:

№	Ауысымның атауы	Бағыты
1	Жас патриот	азаматтық-патриоттық
2	Ұлттық мұра – Ұрпақ қазынасы	мәдени-танымдық және рухани-адамгершілік тәрбие
3	AI Generation: Болашақты жасаймыз	жасанды интеллектпен танысу; ИИ арқылы өнімдер мен бейнероликтер жасау
4	Digital Camp	IT және цифрлық технологиялар
5	ЭкоLab: Жасыл технологиялар	экологиялық
6	Ұлы дала мұрасы	тарихи-өлкетанымдық
7	СпортFest	спорттық-сауықтыру
8	Шығармашылық академия	көркем-эстетикалық
9	Инновациялар аймағы	инженерлік шығармашылық
10	КреативLab	цифрлық өнер, дизайн, сурет салу
11	Жас құтқарушы	әскери-патриоттық

№	Ауысымның атауы	Бағыты
12	STEAM-Экспедиция	инженерлік-техникалық
13	ЭтноFest	этномәдени
14	Ғарыш және технологиялар	астрономия, космонавтика, спутниктік технологиялар
15	Жас саяхатшы	туристік-өлкетанымдық
16	Мүмкіндіктер аймағы	әлеуметтік-педагогикалық, кәсіби бағдар беру
17	7 құндылық	тәрбие құндылықтары негізіндегі жобалар
18	Future Skills Camp: Құндылық. Интеллект. Болашақ	әлеуметтік және креативтік дағдылар
19	Digital Nomad	медиа сауаттылық, цифрлық қауіпсіздік және этика
20	Жас инженер	шығармашылық робототехника
21	Мейірім аймағы	эмоционалдық интеллект, еріктілік қызмет, ынтымақтағы көмек мәдениеті
22	Креатив индустриялар академиясы	графикалық дизайн, сахналық шеберлік
23	Болашақ түстері	көркем шығармашылық, цифрлық кескіндеме, арт өнер
24	Денсаулық формуласы	салауатты өмір салты, пайдалы әдеттер, эмоционалдық салауат

### 3.3. Таңдалған бағыттың өзектілігін негіздеу

Бағдарламаның өзектілігі оның қазіргі қазақстандық қоғамның сұраныстарына жауап беруінде – еліміздің болашағын айқындайтын қасиеттерге ие «Адал азамат» ұрпағын тәрбиелеу: жоғары азаматтық жауапкершілік, адалдық, патриотизм, еңбекке, Заңға және қоғамға құрмет, білімге, өзін-өзі дамытуға, әлеуметтік белсенділікке және салауатты өмір салты мәдениетіне ұмтылу.

Білім беру, тәрбие және сауықтыру компоненттерін қамтитын Бағдарламаны іске асырудың кешенді форматы, сондай-ақ әр ауысым ішінде қызметті жүйелі ұйымдастыру қамтамасыз етеді:

- ауысым қатысушыларының зияткерлік және шығармашылық дамытуының үздіксіздігі;
- зияткерлік, физикалық және шығармашылық жүктеменің теңгерімі;
- тәрбие әсерінің тиімділігін арттыру.

### **3.4. Мақсатты аудиторияға сипаттама**

Бағдарламаның мақсатты аудиториясы 7-17 жастағы балалар, 1-10 сынып оқушылары болып табылады.

Бағдарламаға қатысушылардың құрамы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен квотаға және облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент білім басқармалары бөлген орындарға сәйкес, білім беру-сауықтыру орталықтарында өткізілетін тақырыптық ауысымдардың бағыттылығын ескере отырып қалыптастырылады.

Кепілді квота шеңберінде мынадай санаттағы балалардың қатысуы көзделеді:

- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар;
- көп балалы, аз қамтылған және толық емес отбасылардан шыққан балалар;
- Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз өңірлерінде тұратын балалар; ауылдық жерлерден келген балалар;
- Төтенше жағдайлар жарияланған өңірлерден келген балалар.

Квотаның 50% - дан астамы дарынды балалардың, оның ішінде: пәндік олимпиадалардың, түрлі бағыттағы шығармашылық байқаулар мен фестивальдердің, спорттық жарыстардың, мектептердің өзін-өзі басқару органдарының қатысушыларының, жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қатысуына көзделген.

Бағдарламаға қатысушылар әлеуметтік және білім беру тәжірибесінің әртүрлілігімен, дайындық деңгейімен, қызығушылықтарымен және жеке ерекшеліктерімен сипатталады. Балалардың елеулі бөлігі белсенді тұлғалық қалыптасу, құндылықтар жүйесін қалыптастыру, өзін-өзі тануды, коммуникативті дағдыларды және әлеуметтік жауапкершілікті дамыту кезеңінде болып табылады.

#### **Мақсатты аудиторияның ерекшеліктері:**

- дүниетанымын, өмірлік құндылықтары мен адамгершілік бағдарларын қалыптастырумен сипатталатын физикалық, интеллектуалдық және тұлғалық дамудың белсенді кезеңі;
- өзін-өзі жүзеге асыруға, жетістіктерін мойындатуға, қарым-қатынас аясын кеңейтуге және әлеуметтік маңызы бар қызметке қатысуға арналған қажеттілік;
- «Адал азамат» қасиеттерін: адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, сыйластық және азаматтық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік ықпалға, оң үлгілер мен тәжірибелерге жоғары сезімталдық;
- дене денсаулығын нығайтуға, белсенділікті дамытуға, спорттық шынығуға деген қажеттілік;
- салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану мәдениеті, жеке тазалық сақтау дағдыларын қалыптастыру және зиянды әдеттерден бас тарту қажеттілігі;
- күнделікті өмірде, цифрлық ортада, қоғамда және табиғи ортада қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі;
- тұлғалық өсу мен табысты әлеуметтенуге ықпал ететін заманауи

технологияларға, инновацияларға және тәжірибеге бағытталған қызметке қызығушылық;

– денсаулық мәдениеті мен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі.

#### **IV. МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

**4.1. Мақсаты:** баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын, «Адал азамат» құндылықтарын, салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілікті, экологиялық сауаттылықты қалыптастыратын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық бағдарлар негізінде Отанға деген құрмет сезімін дамытатын бірыңғай білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру кеңістігін құру.

##### **Маңызды міндеттер:**

**Білім беру:** жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖБС) шеңберінде қосымша білім беру бағдарламаларымен ұштастыра отырып мектептегі оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету, сыни ойлауды және цифрлық құзыреттерді дамыту.

**Тәрбиелік:** Қазақстанның мәдени кодтары мен ұлттық дәстүрлерін насихаттау, балалар мен жасөспірімдерде адамгершілік, азаматтық-патриоттық, денсаулық сақтау, экологиялық және әлеуметтік белсенді дамуға бағытталған тұтас құндылықтар мен құзыреттер жүйесін қалыптастыру, олардың өзін-өзі жүзеге асыруын және қоғамдағы жауапты мінез-құлқын, сондай-ақ тиімді коммуникация дағдыларын дамыту.

**Сауықтыру:** дене белсенділігін ұйымдастыру, спорттық-сауықтыру сабақтары, шынықтыру, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану, аурулардың алдын алу және салауатты әрі қауіпсіз өмір салтының орнықты дағдыларын, дұрыс әдеттерді қалыптастыруды қамтитын кешенді іс-шаралар жүйесі арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту.

#### **4.2. Бағдарламаның міндеттері, күтілетін нәтижелер**

<b>Модуль</b>	<b>Міндеттері</b>	<b>Іске асыру түрі</b>	<b>Күтілетін нәтижелер</b>
<b>Білім беру модулі</b>	Танымдық белсенділік пен функционалдық сауаттылықты дамыту	Оқу сабақтары, зияткерлік ойындар, викториналар, зертханалар	Танымдық белсенділік деңгейін және оқуға деген қызығушылықты арттыру
	XXI ғасырдың сыни ойлауы мен дағдыларын дамыту	Тренингтер, кейс-тапсырмалар, жобалық қызмет	Талдау, коммуникация, ынтымақтастық дағдыларын дамыту
	«Адал азамат»	Тақырыптық	Адамгершілік

	құндылықтарын қалыптастыру: адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, сыйластық, патриотизм, білімге ұмтылу, азаматтық белсенділік, жасампаздық, табиғат пен қоғамға қамқорлық, сондай-ақ салауатты әрі қауіпсіз өмір салтына бейімділік	сабақтар, сынып / тәрбие сағаттары, пікірталастар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, тақырыптық ойындар	құндылықтар мен азаматтық ұстанымның қалыптасуы
	Көкжиек пен өзін-өзі дамытуға деген мотивацияны кеңейту	Шеберлік сағаттары, кәсіби бағдар беру іс-шаралары, сарапшылармен, белгілі қоғам қайраткерлерімен, жазушылармен, спортшылармен кездесулер	Оқуға және өзін-өзі дамытуға тұрақты мотивацияны қалыптастыру
	Коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту	Командалық ойындар, отрядтық жұмыс, квесттер, еріктілік қызмет, қайырымдылық	Өзара іс-қимыл және ынтымақтастық дағдыларын дамыту
	Өзін-өзі көрсету үшін жағдай жасау	Қызығушылықтар бойынша үйірмелер, шығармашылық жобалар, байқаулар, фестивальдер	Жеке әлеуеті мен шығармашылық қабілеттерін ашу
	Оқу қызметін қолдау (оқу кезеңінде)	Кенестер, сабақтар, өзіндік жұмыс	Оқуды ынталандыру және оқытудың үздіксіздігін сақтау

<b>Сауықтыру модулі</b>	Бастамашылықты, көшбасшылық қасиеттерді және балалардың өзін-өзі басқаруға қатысуын қолдау	Балалардың өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қатысу, Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетті (ҰШ) ұйымдастыру және өткізу, жобалық және волонтерлік қызмет; көшбасшылық тренингтер, команда құрушы ойындар; отрядта әлеуметтік рөлдерді орындау (көшбасшы, ұйымдастырушы, үйлестіруші және т. б.)	Балалардың бастамашылдығы мен дербестігін дамыту; қабылданған шешімдер үшін көшбасшылық қасиеттер мен жауапкершілікті қалыптастыру; топтық жұмыс және тиімді өзара іс-қимыл дағдыларын дамыту; балалардың әлеуметтік белсенділігі мен ынталандыру деңгейін арттыру
	Физикалық саулығын нығайту	Күнделікті таңертеңгі дене сергіту жаттығулары. Спорттық сабақтар, эстафеталар, жарыстар	Физикалық даярлық деңгейін арттыру
	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру	Сұхбаттар, тренингтер, практикалық сабақтар	Денсаулық пен СӨС (салауатты өмір салты) құндылығын түсіну
	Физикалық қабілеттерін дамыту	Спорттық мереке «Олимпия», спорттық ойындар, жаттығулар, белсенді іс-шаралар	Төзімділікті, күшті, үйлестіруді дамыту
	Спорттық-сауықтыру бағытын іске асыру	Бассейнге бару, спорттық белсенділіктер	Қозғалыс белсенділігін арттыру
	Медициналық процедуралар арқылы сауықтыру	Галокамера, оттегі коктейлдері, массаж және т.б.	Физикалық және жалпы әл-ауқатты жақсарту

	Аурудың алдын алу	Медициналық-алдын-алу шаралар	Сырқаттанудың алдын алу
	Эмоционалдық кернеуді азайту	Ойын сабақтары, тренингтер, релаксациялық тәжірибелер, бос уақыттың ұйымдастыруы	Психоэмоционалдық жағдайды жақсарту
	Психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету	Психологтің жұмысы, отрядтағы қолдау көрсету	Сәтті бейімделу және эмоционалдық салауат
	Қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру	Нұсқаулықтар, тәжірибелі сабақтар	Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгеру
	Физикалық саулығын нығайту	Ауа және күн ванналары, су процедуралары, таңертеңгі таза ауадағы гимнастика (ауарайы жағдайлары мен медициналық ұсыныстарды ескере отырып)	Ағзаның бейімделу қабілетін арттыру, иммунитетті нығайту, сырқаттанушылықты азайту

#### 4.3.Бағдарламаны іске асыру тиімділігінің мониторингі

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер өлшенетін және тексерілетін сипатта болады әрі сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтитын мониторинг жүйесін пайдалана отырып, әрбір ауысымның қорытындыларын бағалауға жатады.

Нәтижелерге қол жеткізуді бағалау келесі бағыттарды жүзеге асырады:

Бағыт	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштер
Жеке және әлеуметтік нәтижелер	Ауысым қатысушыларына сауалнама жүргізу; мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, педагог-ұйымдастырушылардың /тәлімгерлердің байқауы; балалардың ынталануы мен белсенділік деңгейін сараптамалық бағалау; балалардың іс-шаралар	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ қызметке қатысу деңгейі-кемінде 90%; әлеуметтік қатысушылардың белсенділік деңгейі-кемінде 80%;</li> <li>■ бейімделудің оң көрінісі – балалардың 80% кем емес.</li> </ul>

	мен жобаларға қатысуын талдау арқылы бағаланады	
Білім беру (дамытушылық) нәтижелері	Білім беру сабақтарына, жобаларға, конкурстарға қатысуды талдау; тәжірибелік тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстарды орындау; қатысушылардың өзін-өзі бағалауы және кері байланыс арқылы бағаланады	қызметтің білім беру нысандарына қатысу-кемінде 95%; негізгі дағдылардың қалыптасуын көрсету (коммуникация, ынтымақтастық, шығармашылық); танымдық белсенділіктің өсуі (бақылау және сауалнама нәтижелеріне).
Сауықтыру нәтижелері	Балалардың дене белсенділігін бақылау; медициналық сүйемелдеу деректері; спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысуды талдау арқылы бағаланады.	спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысу-кемінде 95%; қозғалыс белсенділігінің жоғарылауы; әл-ауқаттың жақсаруы және шаршау деңгейінің төмендеуі (мониторинг нәтижелеріне).
Бағдарламаға қатысушылардың қанағаттануы	Балалардың қорытынды сауалнамасы; кері байланысты талдау арқылы бағаланады.	ауысымның мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейі- 85% кем емес

**Бағдарламаның күтілетін нәтижелері** нақты, өлшенетін және тексерілетін болып табылады, бұл әрбір ауысымның қорытындысымен, оны іске асыру тиімділігінің нақты әділ бағасын қамтамасыз етеді және жұмыстың мазмұны мен нысандарын түзетуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## **V. ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

### **БІЛІМ БЕРУ МОДУЛІ**

#### **5.1. Модульдің жалпы сипаттамасы**

Бағдарламаның білім беру модулі білім алушылардың жас,

психологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту, қосымша білім беру және тәрбиелік қызметті біріктіретін тұтас білім беру кеңістігін қамтамасыз етуге бағытталған.

**Модуль келесі негіздерде жүзеге асырылады:**

- негізгі орта білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- практикалық-бағдарлы тәсіл;
- STEM-технологияларын қолдану;
- вариативтілік, қолжетімділік және тұлғалық-бағдарлылық қағидаттары;
- оқыту, тәрбие және зияткерлік/шығармашылық дамуды интеграциялау;
- ауысым бойы сабақтарды біркелкі бөлу;
- қызмет түрлерін алмастырып отыру (зияткерлік, шығармашылық, ойын, спорттық).

Ерекшелігі: білім беру қызметі оқу үдерісін, тәрбиені, қосымша білім беруді қамтиды.

Оқу жылы кезеңінде күннің бірінші жартысы оқу сабақтарына (сабақтарға) арналады. Осыған байланысты қосымша білім беру, тәрбиелік іс-шаралар және өзге де білім беру қызметінің түрлері күннің екінші жартысында, түскі демалыстан кейін жүзеге асырылады.

Білім беру қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, санитарлық-гигиеналық нормаларды және рұқсат етілген оқу жүктемесін сақтай отырып жүзеге асырылады.

Білім беру жүктемесі оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды және білім алушылардың денсаулығын сақтау қажеттілігін ескере отырып бөлінеді. Оқу, дамыту, шығармашылық және сауықтыру қызметтерінің ұтымды кезектесуі қамтамасыз етіледі.

**5.2. Оқу үдерісі жұмыс оқу жоспарында көрсетілген пәндерді бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жылының демалыс уақытында, жазғы кезеңде оқу үдерісі жүзеге асырылмайды.**

**Оқу компоненті:**

- МЖМБС талаптарына сәйкес іргелі пәндер (алгебра, геометрия, физика, химия, биология) бойынша ГОСО-ны STEM-тәсілді қолдану арқылы STEM-зертханалар базасында ЖОЖ-ға сәйкес жүзеге асыру;
- критерийлік бағалау (формативті, суммативті);
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- пәндердің ғылыми-зерттеу жұмысы (ауысым аясындағы шағын жобалар).

Білім беру және сауықтыру орталығының ерекшелігі – үй тапсырмасының болмауы. Бұл балалардың сабақтан бос уақытында тәрбие іс-шараларына қатысуына, сауықтыру шеңберінде спорттық-сауықтыру бағытына баруына байланысты. Білім беру қызметінің негізгі құрамдас бөлігі бекітілген кестеге сәйкес оқу процесін ұйымдастыру болып табылады.

### **5.3. Дамыту, жобалау, зерттеу және шығармашылық қызмет**

Мақсаты: жеке қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін және өз бетінше әрекет ету дағдыларын дамыту.

Мазмұны:

Қызығушылықтарға бейім үйірмелер мен секциялар (ғылыми, шығармашылық, техникалық);  
жобалық қызмет (жеке және топтық жобалар);  
зерттеу жұмысы;  
шеберлік сағаттары мен тренингтер;  
зертханалық және тәжірибелік сабақтар.

Іске асырудың мүмкін нысандары:

ғылыми, техникалық және қолданбалы үйірмелер (робототехника, экология, ақпараттық технологиялар (IT), өлкетану, автомоделдеу, Drone Lab, туризм);  
шығармашылық студиялар (өнер, музыка, театр);  
жобалық шеберханалар;  
тренингтік сабақтар;  
кейс-чемпионаттар.

Іске асыру режимі: күніне кем дегенде 2 сабақтан

Күтілетін нәтижелер:

шығармашылық пен бастамашылықты дамыту;  
жобалау және зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру;  
еңбекқорлық, айналадағы адамдарға құрмет, патриотизм, білімге ұмтылу дағдыларын қалыптастыру;  
дербестік пен жауапкершілікті дамыту;  
жеке қабілеттерін ашу.

### **5.4. Тәрбие іс-шаралары мен жобалары**

Тәрбие жүйесі «әрекет арқылы тәрбиелеу» қағидатына негізделеді. Тәрбие іс-шаралары мен жобаларын іске асыру балалардың жас және жеке-психологиялық ерекшеліктерін, нақты ауысымның бейіндік бағыты мен тақырыбын, мәдени және ұлттық құндылықтарды ескере отырып жүзеге асырылады.

«Іс-шаралардың мазмұны «Адал азамат» бейнесін қалыптастыруға бағытталған – сыни ойлауды меңгерген, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және жаһандық әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын - жауапты азамат.

Білім беру модулінің тәрбиелік құрамдас бөлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іске асырылады және мыналарға бағытталған:

- азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді және мәдени мұраны құрметтеуді қалыптастыру;
- коммуникативтік дағдыларды және топтық жұмысты дамыту;

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне сүйіспеншілікті қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

- экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

- қауіпсіз әрі салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру.

Іске асырудың мүмкін нысандары: тақырыптық іс-шаралар мен акциялар, пікірталас алаңдары, пікірталастар, әлеуметтік және еріктілер жобалары; мәдени-танымдық бағдарламалар, жасақтық және жалпы лагерьлік іс-шаралар.

Іске асыру режимі: күніне кемінде 2 іс-шара.

Күтілетін нәтижелер:

- азаматтық ұстаным мен патриоттық сананы қалыптастыру;

- әлеуметтік белсенділікті дамыту;

- мінез-құлық және өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру;

- көшбасшылықты және жауапкершілікті дамыту.

Тәрбиелік іс-шаралар күн сайын, негізінен күннің екінші жартысында, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып өткізіледі. Оқу кезеңі жағдайында олардың сапасы мен мазмұнын сақтай отырып, іс-шаралардың қарқындылығын төмендетуге, тәрбие міндеттерін білім беру және үйірме сабақтарына біріктіруге жол беріледі.

### **5.5. Білім беру қызметінің өзге де нысандары**

Мақсаты: білім беру кеңістігін кеңейту және оқытудың вариативтілігін қамтамасыз ету.

Мазмұны:

білім беру квесттері;

зияткерлік ойындар;

қашықтық-сабақтар және цифрлық белсенділіктер;

экскурсиялар мен көшпелі сабақтар, жорықтар;

сарапшылармен және кәсіпқойлармен кездесулер;

жасақтық жұмыс нысандары, жасақ-аралық, жалпы лагерьлік іс-шаралар (музыкалық-әдеби, тарихи кештер).

Іске асыру режимі: күніне кемінде 1 (бір) іс-шара/сабақ

Күтілетін нәтижелер: ой-өрісті кеңейту, танымдық қызығушылықты дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру, білімді пәнаралық форматта біріктіру.

## **VI. САУЫҚТЫРУ МОДУЛІ**

### **6.1. Модульдің жалпы сипаттамасы**

Сауықтыру модулі білім беру-сауықтыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады әрі балалардың физикалық және психикалық денсаулығын кешенді түрде нығайтуды қамтамасыз етуге, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға, уақытша балалар ұжымы жағдайында

ағзаның бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған.

Модуль жыл бойы жұмыс істейтін жағдайында, жас, жеке, климаттық және аумақтық ерекшеліктерді, сондай-ақ ауысымдардың ұзақтығын (20/15 күнтізбелік күн) ескере отырып іске асырылады.

Жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру жұмыстары балалардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсартуға, иммунитетін нығайтуға бағытталған. Бұл жергілікті табиғи-климаттық жағдайларды емдік дене шынықтырумен, физиотерапиямен және ұтымды тамақтанумен ұштастыра отырып, емдеу мен демалыстың белгіленген режимін сақтай отырып жүзеге асырылады.

#### **6.2. Сауықтыру модулінің мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыру, физикалық белсенділікті дамыту және психоэмоционалды салауат деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасау.

##### **Сауықтыру модулінің міндеттері:**

Күні бойына балалардың оңтайлы қозғалыс режимін және физикалық белсенділігін қамтамасыз ету.

Балалардың бойында салауатты өмір салтының мәдениетін қалыптастыру (тамақтану, гигиена, күн тәртібі).

Шынықтыру және алдын алу шаралары жүйесін ұйымдастыру.

Медициналық сүйемелдеуді және денсаулық жағдайының мониторингін қамтамасыз ету.

Психоэмоционалды шиеленіс деңгейінің төмендеуі және күйзеліске төзімділіктің дамуы.

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және денсаулық мәдениетін қалыптастыру.

#### **6.3. Медициналық-алдын алу бағыты**

Бұл бағытты Орталықтың медициналық қызметі жүзеге асырады және оған: келу кезіндегі алғашқы медициналық тексеру, денсаулық жағдайының күнделікті мониторингі, жұқпалы және соматикалық аурулардың алдын-алу шаралары, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау, сырқаттарды анықтау кезінде оқшаулау және сүйемелдеу, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу, «Жас санинструктор» үйірмесі кіреді.

#### **6.4. Дене шынықтыру-сауықтыру бағыты жүйелі қозғалыс белсенділігін ұйымдастыруды қамтиды:**

таңғы гимнастика (күнделікті);

спорттық-сауықтыру маршруттары;

қозғалыс және спорттық ойындар;

спорттық секцияларда айналысу;

жалпы лагерлік спорттық шаралар (эстафеталар, спартакиадалар,

турнирлер);

ауа райы жағдайын есепке ала отырып таза ауада айналысу.

Ерекшелігі: жұмыстың міндетті жасақтық нысаны спорттық-сауықтыру бағытына бару болып табылады:

үстел үсті ойындары залы (тоғызқұмалақ, асық, дойбы, шахмат, үстел теннисі және үстел үсті футболы);

бассейн мен сауна;

ашық спорт алаңдары (баскетбол, волейбол, футбол, даладағы тренажерлер, арқанды парк);

ауа-райын ескере отырып, жазғы кезеңде катамаранмен және қайықпен жүзу;

жазғы спорттық құралдарды пайдалана отырып, таза ауада уақыт өткізу (роликтер, скейттер, самокаттар, велосипедтер, гироскутерлер);

қыста: мұз айдыны, сырғанақта сырғанау, қысқы балық аулау, «бананмен» сырғанау.

Туризм – бұл адамгершілік, ақыл-ой, экологиялық, эстетикалық, дене тәрбиесінің дамуын қамтитын, балалардың қарым-қатынасының тиімді құралы. Бұл бағытта балаларды табиғатпен қарым-қатынас процесіне қосу, қажетті білім, туристік дайындық дағдыларын игеру, ауысым қатысушыларын сауықтыру, балаларға экологиялық мәдениетті сіңіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру және сауықтыру орталығында туризмнің келесі түрлері қолданылады:

1) Экскурсиялар, табиғатпен, киелі орындармен, қорықтармен, ұлттық саябақтармен, орман және өзге де табиғи аумақтармен танысу, сондай-ақ экологиялық акциялар мен өлкетану бағытындағы зерттеулер жүргізу. Экскурсия әр жасақ үшін ауысым барысында 1 рет жоспарланады. Экскурсияның ұзақтығы – 2 сағат.

2) Жорықтар.

Жаз мезгілінде ұзақтығы 10 км-ге дейінгі бір күндік жаяу жорықтар ұйымдастырылады. Ұзындығы 8 км болатын жаяу жорық маршрутына 90 қатысушы (3 жасақ) қатысады.

Жаяу жорық барысында білім алушылар туристік техника элементтерін меңгереді: аялдау орнын ұйымдастырады, шатыр тігеді, шартты өткелдерден өтеді, рюкзактарды жинақтайды, туристік жабдықтармен танысады, компаспен және картамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, алғашқы медициналық көмек көрсету негіздерін үйренеді.

Жорықты өткізу кезінде маршруттық парақ әзірленеді, қауіпсіздік техникасына нұсқаулық жұмысы жүргізіледі. Жорыққа екі нұсқаушы, медицина қызметкері және әр жасаққа екі ұйымдастырушы-педагог жетекшілік етеді.

Жорықтар балалардың туған өлкенің табиғи, тарихи және мәдени нысандарымен танысуына мүмкіндік береді, сондай-ақ ұлттық табиғи және мәдени мұраға қызығушылығын арттыруға, байқағыштықты, патриотизмді және туған жерге деген құрмет сезімін дамытуға ықпал етеді.

## **6.5. Шынықтыру және сауықтыру процедуралары**

Шынығуды жүргізуді медициналық персонал балалардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау жолымен қамтамасыз етеді әрі жасын, денсаулық жағдайын және климаттық жағдайларды ескере отырып іске асырылады:

- 1) күнделікті таңертеңгілік гимнастика және дене шынықтыру минуттары;
- 2) үй-жайларды жүйелі түрде желдету;
- 3) ауа ваннасы;
- 4) таңертеңгі және кешкі сағаттарда күнге шығу (күн ваннасы);
- 5) таза ауадағы ойындар мен сабақтар;
- 6) қызып кетуден қорғау (бас киімдер, күн астында жүруді азайту);
- 7) жалаң аяқ жүру (шөптің, құмның үстінде, жерде);
- 8) күнделікті су рәсімдері (душ, ванналар, бассейнде шомылу);
- 9) жуыну және шомылу кезінде температуралық режимдердің ауысуы;
- 10) таза ауадағы белсенді ойындар;
- 11) спорттық сабақтар;
- 12) күн тәртібін сақтау, дұрыс температуралық режим;
- 13) денсаулық соқпағы;
- 14) экскурсиялар мен жорықтар;
- 15) қысқы спорт түрлерімен айналысу (шаңғы, коньки, плюшкамен сырғанау және т.б.)

#### **6.6. Күн тәртібі, тамақтануды ұйымдастыру**

Күн тәртібі оқу іс-әрекетінің (оқу кезеңінде), қозғалыс белсенділігінің, демалыс пен ұйқының, тамақтанудың және бос уақыттың теңгерімін ескере отырып құрылады.

#### **ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ**

Білім беру-сауықтыру бағдарламасын іске асыру білім беру және сауықтыру орталығының материалдық-техникалық базаның ерекшеліктерін, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды, жұмыс істеу режимін, өңірдің табиғи-климаттық жағдайларын, сондай-ақ балалардың барлық санаттары үшін ортаның қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып жүзеге асырылады.

Жазғы кезеңдегі қолайлы температуралық режим балалардың белсенді қимыл-қозғалыс жасауына және таза ауада көбірек уақыт өткізуіне мүмкіндік береді. Фитонцидтерге бай таза ауа иммундық жүйені нығайтуға ықпал етеді.

Білім беру және сауықтыру орталығы балалардың демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының ең қолайлы табиғи-климаттық аумақтарының бірі болып табылады.

Жаз мезгіліндегі қолайлы температура режимі белсенді қозғалыс белсенділігіне және балалардың таза ауада болуына ықпал етеді, таза, фитонцидтермен қаныққан ауа иммундық жүйені нығайтуға көмектеседі.

Климаттық ерекшеліктерді есепке алу ауа райы жағдайларына (температура режимі, жауын-шашын, жел) байланысты дене жүктемесін түзетуді қоса алғанда, күн режимі мен іс-шараларды жоспарлау кезінде

жүзеге асырылады.

## **7.1. Материалдық-техникалық жағдай (ғимараттар, жабдықтар, инфрақұрылым)**

Білім беру және сауықтыру орталығында білім беру, сауықтыру және демалыс үрдістерін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін ғимараттар мен құрылыстар кешені бар.

Инфрақұрылым құрамына мыналар кіреді: балаларды орналастыруға арналған ғимараттар, оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған оқу кабинеттері, акт залы, спорт нысандары (ашық спорт алаңдары, спорт залы, тренажер залы, үстел ойындары залы), асхана және тамақтандыру блогы, медициналық кешен, сондай-ақ әкімшілік және шаруашылық мақсаттағы үй-жайлар.

### **Медициналық кешен**

**Медициналық кешен құрамына медициналық бекет, дәрігердің қабылдау кабинеті, емшара кабинеті және оқшаулау бөлмесі (изоляция) кіреді.**

Дәрігер-мамандар кабинеттері, емдеу-профилактикалық және физиотерапиялық рәсімдер жүргізуге арналған бөлмелер, зертхана, фитобар, галокамера болған жағдайда емдеу-профилактикалық, физиотерапиялық және оңалту рәсімдері жүргізіледі.

Кешеннің материалдық-техникалық жарақтандырылуы алғашқы медициналық-санитариялық көмекті көрсетуді, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес профилактикалық, сауықтыру және емдеу-диагностикалық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді.

Барлық медициналық кабинеттер санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес араластырғыштар арқылы суық және ыстық су жүргізілген қолжуғыштармен, сондай-ақ қолды жууға, сүртуге және (немесе) кептіруге арналған қажетті құралдармен жабдықталған.

### **Білім кешені**

Білім беру кешені білім беру, шығармашылық және дамытушы сабақтарды өткізу үшін қолайлы жағдай жасайтын қажетті жабдықтармен, оқу-әдістемелік материалдармен және оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген оқу кабинеттерінен тұрады.

Кешен құрамына оқу аудиториялары, кітапхана, акт залы, шығармашылық шеберханалар, спорт залы, спорт алаңдары, ойын аймақтары, медициналық пункт, асхана, үйірме және жобалық қызметке арналған кабинеттер, туристік-өлкетану нысандары, сондай-ақ мәдени-көпшілік, спорттық және сауықтыру іс-шараларын өткізуге арналған ашық алаңдар кіреді.

Материалдық-техникалық база балалар мен жасөспірімдердің білім алуына, тәрбиеленуіне, демалуына, денсаулығын нығайтуына, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына және жан-жақты дамуына қауіпсіз әрі қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

## **Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыс**

Балаларды сауықтыру-білім беру орталығында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты ұйымдастыру үшін спорт залы, ойын студиясы, волейбол, футбол және баскетбол алаңдары, арқанды парк, ашық аспан астындағы тренажерлар, қимылды ойындар мен белсенді демалысқа арналған алаңдар бар.

Кешен қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген: доптар, секіртпелер, теннис ракеткалары, шахмат, тоғызқұмалақ, конькилер, шаңғылар, велосипедтер, самокаттар және роликтер.

Спорт нысандары оқу-жаттығу сабақтарын, спорттық жарыстарды, эстафеталарды, спорттық мерекелерді, туристік және команда құруға бағытталған іс-шараларды өткізу үшін пайдаланылады. Бұл іс-шаралар денсаулықты нығайтуға, дене қасиеттерін дамытуға, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тұрақты қызығушылық қалыптастыруға, салауатты өмір салты, белсенді демалыс және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталған.

### **Кітапхана**

Кітапхана қоры білім беру бағдарламаларына сәйкес оқу, әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтырылған.

### **Асхана**

Тамақтандыруды ұйымдастыру санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Ауысым қатысушылары болып табылатын балалардың толыққанды және теңгерімді тамақтануы қамтамасыз етіледі.

### **Ғылыми-әдістемелік бөлім**

Ғылыми-әдістемелік бөлім білім беру және тәрбие үдерістерін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

### **Көлікпен қамтамасыз ету (болған жағдайда)**

Көлік тәрбиеленушілерді тасымалдауды, экскурсиялар мен өзге де іс-шараларды ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

## **7.2. Өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қоса алғанда, кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету**

Кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету білім беру және сауықтыру орталығы қызметінің басым бағыты болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік нормаларына сәйкес іске асырылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі кешенді сипатқа ие және мыналарды қамтиды: ұйымдастырушылық, құқықтық және алдын алу шаралары, кәмелетке толмағандардың болуын тәулік бойы бақылау, лауазымды адамдар арасында жауапкершілікті бөлу, ішкі бақылау және мониторинг жүйесінің жұмыс істеуі, қызметкерлер мен білім алушыларға тұрақты нұсқау беру.

Қауіпсіздік келесі бағыттарда ұйымдастырылған: өртке қарсы қауіпсіздік, терроризмге қарсы қорғаныс, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау мәселелері.

Төтенше оқиғалардың алдын алу және бөгде адамдардың аумаққа кіруіне жол бермеу мақсатында мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын стандарттар мен талаптарға сәйкес өрт дабылы және бейнебақылау жүйелерімен жарақтандырылған. Бейнебақылау камералары ІІМ Жедел басқару орталығына онлайн режимде қосылған.

Қауіпсіздік қызметі бөгде адамдар мен тыйым салынған заттардың бөгде адамдар арқылы кіруіне және шығуына жол бермеу мақсатында автокөліктің түбін және салонын міндетті түрде тексеріп, бекітілген нұсқаулыққа сәйкес Орталық аумағына өткізу режимін 1,2 БӨП жүзеге асырады.

Орталық өртке қарсы қауіпсіздік жүйесімен, дабыл түймесімен жабдықталған, ата-ана бақылауы бейнекамералар арқылы жүзеге асырылады. Эвакуациялық шығу есіктерінде кезекші әкімшінің пультінен іске қосылатын электромагниттік құлыптар орнатылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (бұдан әрі-ЕББ) инклюзивтілік, демалыс, сауықтыру және білім беру қызметтеріне тең қолжетімділік қағидаттары шеңберінде іске асырылады.

Жағдайларды ұйымдастыру балалардың жеке ерекшеліктерін, олардың денсаулық жағдайын, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) ұсынымдарын, сондай-ақ орталықтың материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

## **VII. КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Білім беру, тәрбие және сауықтыру қызметтерін сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін тұрақты және кәсіби бағдарланған кадрлық жағдайды сипаттайды. Орталықтың кадрлық әлеуеті жыл бойғы қызмет ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін штат бірліктерінің оңтайлы санымен қамтылған.

Білім беру және сауықтыру орталығы білім беру-сауықтыру бағдарламасын іске асыруды кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету білім беру, тәрбие және сауықтыру процестерін сапалы ұйымдастыру, баланың жеке басының қауіпсіздігін және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

### **8.1. Бағдарламаны іске асыруды мыналарды қамтитын мамандар тобы қамтамасыз етеді:**

- Педагогикалық персонал: әдіскерлер, пән мұғалімдері, спорт нұсқаушылары, қосымша білім беру педагогтері, ұйымдастырушы ұстаздар, психологтер, тәлімгерлер.

- Медициналық персонал: дәрігерлер (педиатр, диетолог, стоматолог, жалпы практика дәрігері), орта медициналық персонал (медбикелер); санитарлық-алдын алу жұмыстары жөніндегі мамандар.
- Өзге де мамандар: ас әзірлеу блогының қызметкерлері, техникалық және қызмет көрсету қызметкерлері, қауіпсіздік (күзет) жөніндегі мамандар, әкімшілік-басқару қызметкерлері.

8.2. Бағдарламаны іске асыруға қатысушылардың функционалдық міндеттері келесідей бөлінеді:

<b>Орталық әкімшілігі</b>	Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық ету; жұмыс істеу жағдайларын қамтамасыз ету; сапа мен қауіпсіздікті бақылау.
<b>Әдістемелік қызмет</b>	Бағдарламаны әзірлеу және сүйемелдеу; Педагогтердің қызметін үйлестіру; Іске асыру сапасының мониторингі; Қызметкерлерді әдістемелік қолдау.
<b>Мұғалімдер</b>	оқу үрдісін іске асыру (оқу жылы кезеңінде), оқу жетістіктерін бағалау, пәндік үйірмелер, олимпиадалар, зияткерлік конкурстар, әдеби-тарихи кештер өткізу
<b>Қосымша білім беру педагогтері</b>	Үйірмелерді, секцияларды, шеберлік сағаттарын өткізу; Балалардың қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту
<b>Спорттағы нұсқаушылар</b>	спорт үйірмелерін, спорттық-сауықтыру бағытын, тимбилдингті, экскурсияларды, жорықтарды, эстафеталарды, спорттық мерекелерді өткізу үшін.
<b>Педагог-ұйымдастырушылар</b>	жасқтардың тыныс-тіршілігін ұйымдастыру, жасақтың жұмыс түрлерін, команда құру ойындарын өткізу, балаларды сүйемелдеу; жалпы лагерьлік іс-шараларға дайындық, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
<b>Психологтер</b>	бейімделуді сүйемелдеу, сауалнама. диагностика және түзету жұмыстары, кеңес беру, бағдарламаны іске асыру мониторингі
<b>Тәлімгерлер</b>	Жасақтардың тыныс-тіршілігін ұйымдастыруды, балаларды алып жүруді және оларға жетекшілік етуді, тәрбиелік, мәдени-демалыс және дамытушы іс-шараларды өткізуді, сондай-ақ күн

	тәртібінің сақталуын және балалардың сауықтыру-білім беру орталығында қауіпсіз болу қағидаларының орындалуын қамтамасыз етеді.
<b>Медициналық персонал</b>	денсаулық жағдайын бақылау, алдын алу іс-шараларды жүргізу, медициналық көмек көрсету, тамақ, су сапасын бақылау.

### 8.3. Бағдарламаны іске асыруда балаларды белсенді тартуға бағытталған заманауи педагогикалық және тәрбиелік технологиялар пайдаланылады

**Әдістемелер және технологиялар:** тұлғаға бағытталған тәсіл, іс-әрекетке негізделген тәсіл, жобалық және зерттеу әдістері, ойын технологиялары, команда құру технологиялары, STEM-тәсіл элементтері (қолда бар МТБ жағдайында), денсаулық сақтау технологиялары, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиялары, цифрлық білім беру ресурстары.

**Жұмыс нысандары:** жасақтық және жалпы лагерьлік іс-шаралар, тренингтер, шеберлік сағаттары, квесттер, ойындар, жарыстар, үйірмелер мен секциялар, жеке және топтық сабақтар, жобалық және шығармашылық қызметтер.

### 8.4. Оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдардың тізбесі

Бағдарламаны іске асыру үшін қолданады:

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;
  - пәндердің оқу жоспарының типтік оқу бағдарламалары;
  - жұмыс оқу жоспары;
  - қосымша білім беру бағдарламалары;
  - күнтізбелік жылға арналған ауысымдардың жоспар-кестесі;
  - ауысымның жоспар-кестесі (ауысым әдіскері-кураторы жасайды)
- негізгі қызмет түрлерін, өткізу уақытын көрсете отырып;
- сабақтар мен іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері;
  - тәрбие іс-шараларының сценарийлері;
  - педагог-ұйымдастырушыларға арналған әдістемелік әзірлемелер: «Ұйымдастырушы-ұстаздың қолдануына арналған, ойындар, тренингтер және шығармашылық идеялардан құралған әдістемелік жинақ», жоба «Next step» және т.б..
  - экскурсиялар, жорықтарды ұйымдастыру және өткізуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, жаднамалар;
  - спорттық мерекелер жинағы;
  - конкурстарды, ауысым іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережелер;

## VIII. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау білім беру және сауықтыру орталығында білім беру-сауықтыру процесінің сапасын басқару жүйесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бөлім Бағдарламаны іске асырудың барысы мен нәтижелері, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу дәрежесі, пайдаланылған жұмыс нысандары мен әдістерінің тиімділігі туралы объективті ақпарат алуға, сондай-ақ мазмұны мен ұйымдастырушылық жағдайларын түзетуді талап ететін факторларды уақтылы анықтауға бағытталған.

Мониторинг жүйелі, кешенді және үздіксіз сипатқа ие және бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады: ауысымды дайындау кезінде, оны өткізу кезеңінде және аяқталғаннан кейін. Нәтижелерді бағалау объективтілік, жүйелілік, гуманистік бағыттылық, кәметке толмағандардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, баланың құқықтарын сақтау, оның қадір-қасиетін және жеке ақпаратын қорғау қағидаттарына негізделеді.

### 9.1. Бағдарламаны іске асырудың ағымдағы және қорытынды мониторингінің нысандары

<b>Мониторингтің түрі</b>	<b>Ағымдағы мониторинг</b>	<b>Қорытынды мониторинг</b>
<b>Мазмұны</b>	Ағымдағы мониторинг барлық ауысым ішінде жүзеге асырылады және Бағдарлама іс-шараларының іске асырылу динамикасын, қатысушылардың белсенділігін, режимнің, қауіпсіздік шарттарының сақталуын, білім беру, тәрбие және сауықтыру қызметін ұйымдастыру сапасын бақылауға бағытталған.	Қорытынды мониторинг ауысым аяқталғаннан кейін жүргізіледі және қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға, жоспарланған және нақты көрсеткіштерді салыстыруға, іске асырылған жұмыс нысандарының тиімділігін анықтауға және бағдарламаны одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындауға бағытталған.
<b>Мониторингтің нысандары</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>▪ Балалардың іс-шараларға қатысуларын күнделікті педагогикалық бақылау;</li><li>▪ Балалардың уақытша ұжым өміріне бейімделу деңгейі мен араласуын, эмоционалдық жағдайын талдау;</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>▪ Балалармен, және қажет болғанда олардың заңды өкілдерімен қорытынды сауалнама жүргізу;</li><li>▪ Педагогтердің, тәрбиешілердің, әдіскерлердің, психологтер мен</li></ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Іс-шараларға, үйірмелерге, секцияларға, сауықтыру процедураларына баруын бақылау;</li> <li>▪ ауысымның жоспар-кестесі және күнтізбелік іс-шаралар жоспарының орындалуын жедел талдау;</li> <li>▪ Күн тәртібінің, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтануды, демалуды және қозғалыс белсенділігін ұйымдастыруды бақылау;</li> <li>▪ Балалардың денсаулық жағдайының ағымдағы медициналық мониторингі;</li> <li>▪ аралық сауалнамалар, экспресс-сауалнамалар, кері байланыс әңгімелері;</li> <li>▪ Бағдарламаның жекелеген модульдерін іске асыру сапасын ішкі әкімшілік және әдістемелік бақылау.</li> </ul>	<p>медицина қызметкерлерінің бақылауларын жинақтап жалпылау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Балалардың іс-шараларға, жобаларға, шығармашылық, спорттық және танымдылық белсенділіктерге қатысу нәтижесін талдау;</li> <li>▪ Бейімделу, әлеуметтену, тәртіп және қатысу деңгейін бағалау;</li> <li>▪ Ауысым кезеңіндегі медициналық көрсеткіштер мен денсаулық сақтау деректерін талдау;</li> <li>▪ Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша талдамалық анықтаманы немесе есепті дайындау;</li> <li>▪ Қорытынды әдістемелік кеңесте, педагогикалық немесе әкімшілік кеңесте нәтижелерді талқылау.</li> </ul>
<p><b>Қорытынды</b></p>	<p>Ағымдағы мониторинг ұйымдық қиындықтарды, қатысушылардың қанағаттану деңгейін, тәрбие, білім беру және сауықтыру қызметі саласындағы ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтауға, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді.</p>	<p>Қорытынды мониторинг Бағдарламаны іске асыру сапасын тұтас бағалауды қамтамасыз етеді және оны одан әрі түзету үшін негіз болады.</p>

Бағдарламаны іске асырудың қорытынды мониторингі әрбір ауысым аяқталғаннан кейін жүргізіледі және қатысушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына және тіршілік әрекетін ұйымдастыруға

қанағаттануын бағалауға бағытталған.

Қорытынды мониторинг жүргізуде шешуші роль сауалнама және кері байланыстың өзге де нысандары арқылы ауысымға қатысушылардың қанағаттану деңгейін диагностикалауды жүзеге асыратын психологиялық қызметке беріледі.

Қорытынды сауалнама аясында ауысымға қатысушылар бағалайды:

- Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын;
- Ұсынылатын медициналық қызмет деңгейін;
- Білім беру қызметін ұйымдастыруды және мазмұнын;
- Үйірмелер мен секциялардың жұмысын (қосымша білім беру);
- Жалпы тұру жағдайын, бос уақыт пен қауіпсіздікті.

Балалардың білім беру және сауықтыру орталығында болуының эмоционалды қабылдауын, олардың іс-шараларға қатысу дәрежесін талдауға, сондай-ақ ауысымға қанағаттанудың жалпы деңгейін қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Қосымша мониторинг шеңберінде балалардың пікірлері мен бағалаулары негізінде қалыптастырылатын іс-шаралар рейтингі жүргізіледі. Бұл рейтинг жұмыстың ең маңызды, қызықты және тиімді түрлерін анықтауға, қатысушылардың қалауын анықтауға, сондай-ақ келесі ауысым бағдарламаларының мазмұнын түзетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды мониторингтің маңызды құрамдас бөлігі ауысым қатысушыларынан толық кері байланыс алу болып табылады. Сауалнама аясында балаларға көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалап қана қоймай, орталықтың қызметі туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріледі.

Атап айтқанда, қатысушыларға білім беру және сауықтыру орталығының жұмысын жетілдіруінде, олардың ұсыныстарын анықтауға бағытталған ашық сұрақтарға жауап беру ұсынылады, соның ішінде: іс-шараларды ұйымдастырудағы ықтимал өзгерістер, үйірме қызметін кеңейту немесе жаңартудың ұсыныстары, тұру, тамақтану және бос уақыт жағдайларын жақсарту, белсенділік пен өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын құру жөніндегі идеялар.

Қорытынды мониторинг нәтижелері жинақталып, талданады және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, бағдарлама мазмұнын жетілдіру, сондай-ақ тәрбие, білім беру және сауықтыру қызметін ұйымдастыру тиімділігін арттыру мақсатында маңызды басқарушылық құрал ретінде пайдаланылады.

Қорытынды мониторинг нәтижелері ауысым қорытындысына ұжымның мәжілістерінде қаралады және талқыланады. Мәжілістерде Бағдарламаны іске асыруға тартылған құрылымдық бөлім жетекшілері ауысым бойына өздерінің бөлімдерінің атқарған қызметі туралы есеп береді.

Жиналыс барысында психолог мониторингтің жалпыланған нәтижелерін ұсынады. Осылайша, ұжымды балалардың пікірімен, олардың жауаптарымен және ұсыныстарымен таныстыру жүзеге асырылады, іс-шаралар рейтингі талданады, бағдарламаны іске асырудың күшті жақтары мен проблемалық аймақтары анықталады. Білім беру және сауықтыру

орталығының қызметін жетілдіруге бағытталған ауысымға қатысушылардың ұсыныстарына ерекше назар аударылады.

Талқылау қорытындысында: жұмыстың мазмұны мен нысандарын түзетуді, білім беру, тәрбие және сауықтыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіруді, балалардың болу жағдайларын жақсартуды, анықталған кемшіліктерді жоюды көздейтін басқарушылық шешімдер қабылданады.

## **9.2. Қазақстан Республикасының дербес деректерді және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтау**

Мониторингті ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі.

Кепілдік беріледі:

- Алынған ақпараттың құпиялығы;
- Ақпараттарды тек қана Бағдарламаны талдау және жетілдіру мақсатында пайдалану;
- Дербес деректерге қол жетімділікті шектеу;
- есептілікте жалпыланған және иесіздендірілген нәтижелерді пайдалану;
- еріктілік, әдептілік және психологиялық қысымға жол бермеу қағидаттарын сақтау.

Баланың физикалық немесе психоэмоционалды жағдайына зиян келтіретін, сондай-ақ оның құқықтары мен қадір-қасиетін бұзатын әрекеттерге жол берілмейді.

## **X. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **10.1 Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 тамыз 1995 ж., өзгертулермен және толықтырулармен).
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде күнгі № 319-III «Білім туралы» Заңы (өзгертулермен және толықтырулармен).
- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсан күнгі № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыз күнгі №345 «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілде күнгі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамыр күнгі № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (соңғы редакциялар).
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамыр күнгі №216 «Оқулықтар тізімдемесін бекіту туралы» бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілде күнгі №194 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы
- ҚР ДСМ 2022 жылғы 10 тамыз күнгі № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыз күнгі №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары .

### **10.2. Оқу-әдістемелік материалдар**

- Каникул кезеңінде балалардың демалысын, сауығуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Қарағанды, ББД ОӘО, 2015.
- 2024-2026 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбепен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
- *Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру* – Ы. Алтынсарин ат. ҰБА, 2022.

### **10.3 Өзекті қазақстандық және шетелдік ақпарат көздері (соңғы 5 жылда)**

- «Игі істер фабрикасы» балалар лагерінде қосымша жалпы білім беретін жалпы дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі әдістемелік құрал. – «Океан» БРБО» ФМББМ РФ -2020;
- Әдістемелік құрал «Білім беру жағдайларының океандық тәжірибесі». – «Океан» БРБО» ФМББМ, 2023ж.;
- Тәлімгерлік қызметтің негіздері. Ойын практикумы. – Кулаченко М.П., E-Lanbook.com - 2024.